

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 маусымдағы № 146 "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2017 - 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 313 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 14 желтоқсанда № 3733 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 маусымдағы № 146 "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2017 - 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3391 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2017 жылы 24 шілдеде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген күндізгі оқу нысаны бойынша техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2017 - 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

"6. Маңғыстау облысының әкімдігі Маңғыстау облысының білім басқармасының " Маңғыстау политехникалық колледжі" МКҚК" бөлімінде:

реттік нөмірі 2 жол жаңа редакцияда жазылсын:

"

2	1114000 Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша): 111401 2 Дәнекерлеуші (барлық атауларымен)	25	11 сынып	қазақша	1 жыл 10 ай
---	---	----	----------	---------	-------------

".

2. "Маңғыстау облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Н.К. Қойжанов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Е. Тоғжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК